



Қ.Қ. Аубакирова*, А.А. Мустафаева

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан***Corresponding author: A_kunduz87k@mail.ru*

Мәмлүктер билігі кезіндегі қыпшақ-араб сөздіктері және «Тәржұман» ескерткіші: салыстырмалы талдау

Аңдатпа. XIII-XV ғасырларда Мысыр мен Шам жерінде мәмлүк-қыпшақ тілі жайлы жазылған грамматикалық еңбектер, қыпшақша-арабша сөздіктер, атбейлік пен соғыс өнеріне қағысты жәдігерлер мен діни, әдеби, мәдени ескерткіштер жарық көрді. Түркі-қыпшақ тілінде жазылған бұл жәдігерлерді зерттеу арқылы қазіргі түркі халықтарының, әсіресе қыпшақ тобына жататын халықтардың әдеби-мәдени, тілдік тарихын зерттеуде баға жетпес деректерге қолжеткізуге болады. Тілдік еңбектерде иллюстрациялық материал ретінде қолданылған қыпшақ тіліндегі сөздердің қолданысынан сол кездегі Мысыр қоғамы ғана емес, онымен тығыз байланыста болған Алтын Орда халықтарының да күнделікті тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік, мәдени-тілдік жағдайы туралы ақпарат алуға болады. Берілген мақалада мәмлүктер билігі кезінде қыпшақ тілі туралы классикалық араб тілінде жазылған ортағасырлық қолжазбалар мен қыпшақша-арабша сөздіктерге салыстырмалы талдау жасалады. Сонымен қатар «Тәржұман», «Әл-Идрак», «Әт-Тухфа», «Әл-Қауанин» және «Әд-Дурра» ескерткіштерінің қыпшақша-арабша сөздік бөлімдерінің жазылу, сөздердің түзілу ретіне қысқаша сипаттама беріліп, сөздіктердің мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктері қарастырылады.

Түйін сөздер: мәмлүктер, мәмлүк-қыпшақ тілі, араб тілі, ортағасырлық қолжазба, қыпшақша-арабша сөздік, «Тәржұман» ескерткіші.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2021-136-3-119-128>

Түсті: 16.02.2021 / Жарияланымға рұқсат етілді: 30.03.2021

Кіріспе

Қыпшақ Даласынан шыққан мәмлүктер XIII-XVI ғасырлар аралығында, тіпті Осман империясы кезінде де Мысыр мен Сирия жерлерінде билік жүргізген. Түрлі тарихи оқиғаларға байланысты бастапқыда құл ретінде сатылып, кейін шамамен үш жүз жыл бойы Мысырда билік жүргізген мәмлүк-қыпшақтарының қазіргі Орта Азия, оның ішінде Қазақстан жерінен шыққандығы нақты деректер арқылы дәлелденген. Мәмлүк-қыпшақтары билік ісімен айналысып қана қоймай, орта ғасырда үлкен саяси күшке ие болған Мысыр жерінде Ұлы Дала мәдениеті ошақтарының қалыптасуына әсер етті. Осылайша, бірнеше ғасырға созылған Ұлы Дала мәдениеті мен араб-мұсылман мәдениетінің өзара байланысы екі халықтың да мәдениетіне, тіліне өз ықпалын тигізді.

Мәмлүктер этникалық құрамы жағынан әртүрлі елдердің өкілдері болғанымен, бір орталыққа бағынып, мәмлүк-қыпшақ тілінде сөйлейтін болған. Мәмлүктердің билігі кезінде Мысыр мен Сирияда элита тілі ретінде мәмлүк-қыпшақ тілін үйренуге деген сұраныс артып,

мәмлүк-қыпшақ тілін оқып-үйренуге арналған қыпшақша-арабша сөздіктер мен грамматикалық еңбектер, әдеби шығармалар жарық көре бастады. Бірнеше ғасыр бойы Мысырда билік жүргізген мәмлүк-қыпшақтарының ана тілі сарай тіліне айналып, билік төңірегіндегілер мен өзге халық өкілдері де қыпшақ тілінде сөйлеуге мүдделі болып, сарайда араб және қыпшақ тілдерін еркін білетін аудармашылар қызмет еткен. Осылайша, күрделі мәдени-тілдік байланыстардың нәтижесінде әдеби, діни шығармалар араб, парсы тілдерінен қыпшақ тіліне аударылған [1].

Қазіргі кезде ғылымда сөздіктер мен грамматикалық еңбектердің қатарына жататын «Тәржұман», «Бұлғатул-Муштақ», «Әл-Идрак», «Әт-Тухфа», «Әл-Қауанин» сияқты алты ескерткіш анықталып, мұрағаттар қорынан табылып, ғылыми айналымға енгізілген. Зерттеу нысанына алынып отырған «Тәржұман» ескерткішінің тарихи-мәдени құндылығын анықтау мақсатымен қолжазбаның 1-бөліміндегі 26 тараудан тұратын қыпшақша-арабша сөздіктің құрылымы жоғарыда аты аталған сол кезеңдегі өзге де аударма сөздіктермен салыстырылады. Ескерткіштің құрылымдық, мазмұндық ерекшеліктеріне байланысты тек Жамал әд-Диннің «Бұлғатул-Муштақ» еңбегі зерттеу нысанына алынбады. Ескерткіштерінің қыпшақша-арабша сөздік бөлімдерінің жазылу, сөздердің түзілу ерекшеліктері мен құрылымдық сипатына салтырмалы талдау жасалды. Осы мақсатта алдымен «Тәржұман» ескерткішіне қысқаша сипаттама беріліп, сөздіктің құрылымдық ерекшелігі қарастырылады.

«**Китаб мажмуа тәржұман түрки уә ажами уә муғули**» («**كتاب مجموع ترجمان ترکی و عجمي و مغلي**») атты жазба ескерткішінің жалғыз нұсқасы Нидерландыдағы Лейден академиялық кітапханасында сақталған (№517). Еңбек хиджра жыл санауы бойынша 743 жылы 27 шаабан айында/ 1343 жылы 25 қаңтарда жазылған. Таза түрік тілін, яғни қыпшақ тілін үйретуге арналған бұл оқулықтың авторы Халил бин Мұхаммед бин Йусуф әл-Қунауи екені анықталған [3, с. 5-6]. Қолжазба таза, айқын әрі түсінікті жазумен жазылған. Аталған еңбек 76 парақ, 152 беттен, әр бет шамамен 13 жолдан тұрады. «Тәржұман» ескерткіші араб каллиграфиясының кең таралған түрі «наسخ» үлгісімен жазылған. Ескерткіш екі бөлімнен құралған. Бірінші бөлімде (1а-62б) қыпшақ тілінің грамматикасы мен қыпшақша-арабша сөздік берілсе, екінші бөлімде (63а-75б) түрікше-моңғолша сөздік берілген [3, с. 5].

Нидерланды шығыстанушы М. Т. Хоустма «Тәржұман» ескерткішін 1894 жылы алғаш рет баспадан шығарып, түпнұсқа тілінен неміс тіліне аударған. А. Зайончковский, Э.Н. Наджип, А. Инан, Р. Топарлы, З.Б. Мухамедова, А. Юнусов және А. Құрышжанов сияқты түркітанушы ғалымдардың еңбектерінде аталған қолжазба туралы түрлі ғылыми мәліметтер берілген. Түрік зерттеушісі А. Инан бір сөздікте бірнеше тілдің (араб, парсы, моңғол) қатар келуін сол дәуірде Иранда моңғолдардың, Мысыр мен Шам жерлерінде мәмлүк-қыпшақтарының билік етуімен байланыстырады. Өзбек ғалымы А. Юнусов өзінің «Тарджуман турки ва аджами ва мугали (Морфология, лексика, словарь, перевод)» атты зерттеу жұмысында «Тәржұман» ескерткішін құрылымдық, морфологиялық, лексика-семантикалық жағынан қарастырған. 1970 жылы А. Құрышжанов «Исследование по лексике старокипчакского письменного памятника XIII в. Тюркско-арабского словаря» атты ғылыми зерттеуінде аталған қолжазбаны жан-жақты қарастырып, М.Т. Хоустманың еңбегін негізге ала отырып, орыс тіліндегі аудармасын жасаған. Зерттеуші Э.Н. Наджип пен А. Құрышжановтың еңбектерінде қолжазбада қыпшақ тілімен қатар оғыз тілінің элементтері де кездеседі деп тұжырымдалған. Э.В. Севортян мен С.Е. Малов сияқты ғалымдар «Кодекс Куманикус», «Әт-Тухфа» сияқты қыпшақ тіліндегі қолжазбалармен қатар «Тәржұман» ескерткіші қазақ халқының мәдениеті мен тарихын зерттеуде баға жетпес дереккөз болатынын көрсеткен. Қазіргі кезде аталған қолжазба шығыстанушы Қ.А. Қыдырбаевтың ғылыми еңбектерінде жан-жақты зерттелуде.

«Тәржұман» ескерткіші авторының жазуы бойынша, еңбек негізгі төрт бөлімнен тұрады:

1. Есім сөздер (القسم الأول في الأسماء فقط [al-qismu-l-'aḩḩalu fī-l-'asmā' i faḩaḩ]);
2. Етістіктің масдары мен бұйрық райы (القسم الثاني في مصادر الأفعال والأمرها [al-qismu-ḩ-ḩānī fī maḩādūr-l-'af'ālī ḩa 'amrihā]);
3. Есім сөздер мен етістіктердің жіктелуі (القسم الرابع في تصنيف الكلام والأفعال [al-qismu-r-rābī' fī taḩrīfī-l-kalāmi ḩa-l-'af'āl]);
4. Сөз соңының өзгеруі (аффиксация) (القسم الرابع في ضوابط الكلام وما لا بد منه [al-qismu-r-rābī' fī ḩaḩābiti-l-kalāmi ḩa mā lā budda minh]);

Мәмлүктер билігі кезінде дүниеге келген басқа да еңбектер сияқты «Тәржұман» ескерткішінің бірінші бөлімінде қыпшақша-арабша сөздердің тізімі берілген. Шамамен 1800 сөзді қамтитын қыпшақша-арабша сөздікте бірінші араб тіліндегі сөз беріліп, одан кейін оның қыпшақ тіліндегі аудармасы жазылған [3, с. 5]. Араб тіліндегі негізгі мәтін қара сиямен, түркі-қыпшақ тіліндегі сөздер қызыл сиямен жазылып, араб тіліне тән диакритикалық белгілер, харақаттар арқылы берілген. «Тәржұман» сөздігінің лексикалық қорын зерттеген А. Құрышжанов сөздіктің бірінші бөлімі қырық бір бөлімнен тұратындығын көрсетеді [4, с. 51]. Автор есім сөздерді семантикалық жағынан бірнеше топқа бөліп, әр тараудың атауын қызыл сиямен жазып отырған. Есім сөздер деп аталатын бірінші бөлімде берілген есім сөздер 26 тарауға (тақырыптық топқа) бөлінген:

1. Ұлы атаулар мен оған қатыстылар (الأسماء العلويات وما يقار بها [’asmā’u-l-’alaḩiḩiḩāti ḩa mā ḩuḩāribuhā]);
2. Жер-су атаулары (الأرض وما فيها من الأماكن [al-’arḩu ḩa mā fīhā mina-l-’amākin]);
3. Су және оған қатыстылар (المياه وما فيها [al-miḩāhu ḩa mā fīhā]);
4. Ағаштар, жемістер мен өсімдіктер (الأشجار والفاكهة والنبات [al-aḩḩāru ḩa-l-faḩākiḩu ḩa-n-nabāt]);
5. Егін және дәнді-дақылдар (الزراعات والأها والحبوب [az-zrā’ātu ḩa-l-’aha ḩa-l-ḩubūb]);
6. Құстар және оған қатыстылар (الطيور وما ناسبها [ḩa-ḩ-ḩiḩūru ḩa mā nāsabahā]);
7. Жабайы жануарлар және оған қатыстылар (الوحش وما ينبغها [al-ḩuḩūḩu ḩa mā ḩanbahuhā]);
8. Жәндіктер (الحشرات ويشبها [al-ḩaḩarātu ḩa ḩuḩbuhuhā]);
9. Жылқы, оның жыныстары мен түстері (الخيال وأجناسها وألوانها [al-ḩaiḩlu ḩa ’aḩnāsuhā ḩa ’aḩānuhā]);
10. Жылқы, соғыс құралдары мен қару-жарақтар (عدد الخيل والسلاح والحرب [’adadu-l-ḩaiḩli ḩa-s-silāḩi ḩa-l-ḩarbi]);
11. Түйе және сиыр (الجمال والبقر [al-ḩimālu ḩa-l-baḩar]);
12. Қой және ешкі (الغنم والماعز [al-ḩanam ḩa-l-mā’iz]);
13. Тағамдар мен сусындар және сүт өнімдері (الأطعمة والمأكول والمشروب والألبان [al-’at’imatu ḩa-l-ma’kūlu ḩa-l-maḩḩūbu ḩa-l-’albān]);
14. Үй жиһаздары, төсеніштер мен әйелдерге қатысты заттар (أثاث البيت والفرش وما تخص [’atāḩu-l-baḩti ḩa-l-firāḩi ḩa mā taḩuḩḩu bi-n-nisā’]);
15. Киімдер мен маталардың түрлері (الملبوس والأقمشة وأنواعها وماتاسبها [al-malbūsu ḩa-l-aḩmiḩatu ḩa ’anḩā’uhā ḩa mā nāsabahā]);
16. Адамның сыртқы және ішкі ағзалары (أعضاء الانسان الظاهرة والمعا الباطنة ومعها [’a’ḩā’u-l-’insāni-z-zāhirati ḩa-l-ma’ā-l-bāḩina ḩa ma’ahā]);
17. Сандар (الأعداد والحساب [al-’a’ḩādu ḩa-l-ḩisāb]);
18. Кәсіп атаулары мен дәрежелері (الصنایع وعددها ومراتب الناس [aḩ-ḩanā’i’u ḩa ’adaduhā ḩa marātibu-n-nās]);
19. Адам сипаттары (صفات الناس [ḩifātu-n-nās]);
20. Жалпы атаулар мен олардың антонимдері (اسم كل شي وضده [ismu kulli ḩai ḩa ḩidduh]);
21. Уақыт (في الأوقات [fī-l-’aḩḩāt]);

22. Түркі есімдерінің түсіндірмесі (في تفسير الأسماء التركية وغيرها [fī tafsīri-l-'asmā' i-t-turkiyyati ʕa ǧairuhā]);
23. Түстер (الألوان وتاكيداتها [al-'alūānu ʕa ta'kīdātuhā]);
24. Металл атаулары (المعادن [al-ma'ādin]);
25. Туыстық, таныстық, мырза, мәмлүк және ханым мен күн атаулары (الأقارب والموالي والأقارب والموالي [al-'aqrāb wa-l-mawālī ʕa-l-mamālīku fī-l-'alzāmi ʕa-l-ma'ārif]);
26. Ауру-сырқат, дәрі-дәрмек және өлім (الأمراض والعلل والأدوية والموت [al-'amrāḍu ʕa-l-'ilalu ʕa-l-'adūiyatu ʕa-l-mawt]) [2, б. 103].

Қыпшақша-арабша сөздікте автор кірме сөздерді және қыпшақ тіліндегі сөздермен қатар оның түркімен тіліндегі баламасын, сөздердің түркі тіліндегі кейбір диалектілерде қолданылуы туралы ақпарат берген. Ескерткіште шамамен 1800-ден астам лексикалық бірлік қамтылған [3, с. 7]. Қыпшақ мәдениетіне ғана тән кейбір сөздердің араб тіліндегі тікелей баламасы болмаған жағдайда, оның араб тіліндегі түсіндірмесі берілген. Сонымен қатар қажет болған жағдайда сөздердің синонимдері беріліп, кірме сөздер жанына да қай тілден енгендігі жазылған.

Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған еңбектердің ішіндегі құнды деректерге толы ең көлемді ескерткіш болып табылатын «Әл-Идрак» еңбегінің түпнұсқасы сақталмағанымен, бізге оның үш түрлі көшірмесі жеткен. 2896 нөмерімен сақталған қолжазбаның ыстамбұлдық көшірмесі 66 парақ, 132 бет, әр бет 23 жолдан тұрады. Ескерткіш араб каллиграфиясының кең таралған түрі «насх» үлгісімен жазылғанымен, мәмлүк-қыпшақ тіліндегі басқа ескерткіштерден ерекшелігі қолжазбаның осы нұсқасын оқу өте қиын. Себебі негізгі мәтін жолының араларында және парақтың жиектерінде шимақталып жазылған жазулар көп. Қолжазба үш бөлімнен тұрады: 1) кіріспе; 2) арабша-қыпшақша сөздік; 3) грамматика. Қыпшақ тілінің грамматикасына арналған бөлім 78 тарауды қамтиды (66-132 беттер). Шамамен 3500 сөзді қамтитын қыпшақша-арабша сөздікте бірінші қыпшақ тіліндегі сөз беріліп, одан кейін оның арабша баламасы мен түсінігі және қажет болған жағдайда түсіндірмесі беріледі. [5, с. 4.].

Абу Хайанның «әл-Идрак» ескерткішінің құрылымына ұқсас, араб грамматикасының үлгісімен араб тілінде жазылған «Әт-Тухфа» қолжазбасы 91 парақ, 182 беттен, әр бет 13 жолдан тұрады. Арабша аудармалары қара сиямен, ал қыпшақ тіліндегі сөздер қызыл сиямен жазылған ескерткіш араб каллиграфиясының кең таралған «насх» үлгісімен жазылған. Ортағасырлық ескерткіш үш бөлімнен тұрады: 1) фонетика; 2) арабша-қыпшақша сөздік; 3) грамматика. Еңбектің фонетика бөлімі 2 бетті қамтиды. Онда қыпшақ тіліндегі әріптер мен дыбыстардың қысқаша сипаттамасы мен дыбысталу ерекшеліктері көрсетілген. Қыпшақ тілінің грамматикасы туралы араб тілінде жазылған ескерткіштің үшінші бөлімі 64 тараудан тұрады [6, б. 33].

Қолжазбаның қыпшақша-арабша сөздерді қамтитын сөздік бөлімі 29 тараудан тұрады. Сөздікте араб тілінің әліпбиі бойынша бірінші есім сөздер беріліп, одан кейін өткен шақ формасында, III жақ, жекеше түрдегі етістіктердің тізімі көрсетілген. Арабша-қыпшақша сөздік араб әліпбиіне сәйкес хамзадан басталып, төмендегідей тарауларды қамтиды:

- 1) Хамзадан басталатын сөздер;
- 2) Адамның дене мүшелері;
- 3) Жылқының түсіне байланысты атаулар;
- 4) Ат әбзелдері;
- 5) Жер бетін мекендейтін тіршілік иелерінің атаулары;
- 6) Тағам атаулары;
- 7) Уақыт және мекен атаулары;
- 8) Бағыттар
- 9) Өткен шақ етістіктері [7].

Еңбекте жоғарыдағы тараулар мазмұндық жағынан топталып берілгенімен, олардың тақырыптары көрсетілмеген. Сөздіктегі қалған сөздер араб әліпбиіне сәйкес алфавиттік ретпен берілген. Сөздік араб тіліндегі әріптердің санына сәйкес 29 тараудан тұрады. Сөздікте алдымен араб тіліндегі сөз және оның жанына қыпшақ тіліндегі баламасы жазылған. Қыпшақ тіліндегі сөздер араб тіліне тән диакритикалық белгілер, харакаттар арқылы берілген. Қыпшақ тіліндегі сөздер қызыл сиямен жазылса, ал харакаттар қара сиямен қойылған. Қолжазба түсінікті анық жазумен жазылғанымен, негізгі мәтіннен басқа қолжазбаның жиегіне жазылған сөздерді оқу өте қиын. Бұл сөздер қыпшақ тіліндегі сөздердің диалектік баламасы болуы да мүмкін. Автор кейбір тараудың соңында қыпшақ тіліндегі сөздерге қатысты [Allahu a'lam] – «Аллаһ бәрін біледі» деп ескерту жазып отырған. Арабша-қыпшақша сөздікте автор кірме сөздерді және қыпшақ тіліндегі сөздермен қатар оның түркімен тіліндегі баламасын да мысал ретінде келтіріп отырған. Ескерткіште кейбір қыпшақша сөздердің синонимдері мен омонимдері де қатар берілген. Ғалымдардың зерттеулерінде ескерткіштің лексикалық қоры 3600 сөз деп көрсетіліп, 36 мағыналық топқа бөлінген [8]. Ал, Т. Арынов қолжазбадағы сөздерді 26 лексикалық топқа бөліп қарастырған. ескерткіштің сөздік қорын ортағасырлық басқа да еңбектермен және қазіргі түркі тілдерімен салыстыра отырып, жан-жақты талдау жасау арқылы ондағы лексикалық материалдардың түгелге жуығы қазіргі қазақ тілі сөздерімен сәйкес келетінін дәлелдеп, алғаш рет қыпшақша-қазақша сөздік жасады [9, с. 79]. Бұл еңбекте келтірілген мәліметтерден қазіргі түркі тілдерінің тарихи грамматикасы мен сөздердің этимологиясы бойынша баға жетпес лингвистикалық дерек алуға болады.

Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған ортағасырлық қолжазбалардың бірі «**Әл-Қауанин**» ескерткіші қыпшақ тілінің грамматикасын түсіндіруге арналған. Қолжазба сол кезде кең тараған «насх» жазу үлгісі бойынша ортағасырлық классикалық араб тілінде жазылған. Ескерткіштің көлемі 85 парақтан, 169 беттен, әр бет 13 жолдан тұрады. Қолжазбаның авторы және нақты жазылу уақыты анықталмаған. Ғалымдардың пайымдауы бойынша, қолжазба XIV-XV ғасырларда Мысырда жазылған. Қыпшақ сөздері қызыл сиямен, ал араб тіліндегі түсіндірмесі қара сиямен жазылған. Есім сөздер деп аталған 2-тарауының соңғы 5-тараушасында арабша-қыпшақша сөздердің тізімі берілген. Тақырыптық жағынан топталып берілген сөздік шамамен 15 беттен тұрады. Онда алдымен араб тіліндегі сөздер, одан кейін оның қыпшақ тіліндегі аудармасы берілген. Қыпшақша сөздер қызыл сиямен жазылып, үстіне харакаттар қойылған. Нидерланды түркітанушысы Р. Ермерстің еңбегінде аталған сөздікте 500 сөз [10, б. 28], кейбір зерттеулерде 900 сөз қамтылғандығы айтылады.

Сөздікте қыпшақ тіліндегі сөздер семантикалық жағынан бірнеше тарауға бөлініп, араб тіліндегі тура аудармасы көрсетіліп отырған. Ал қыпшақ мәдениетіне ғана тән сөздердің дәл баламасы болмаған жағдайда түсіндірме әдісі қолданылған. Түсіндірме тәсілі арқылы берілген сөздерге түркі халықтарына ғана тән тұрмыстық заттар, қару-жарақ, ұлттық киімдер, тағам атаулары жатады. Арабша-қыпшақша сөздіктің лексикасы 14 тақырыптық топқа бөлінген.

Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі көлемі жағынан шағын еңбек болып табылатын «**Әд-дурра**» ескерткіші XIV ғасырда Мысыр мен Шам жерінде сол кездегі қыпшақ тілін оқып үйрену үшін классикалық араб тілінде жазылған сөздік болып табылады. Көлемі 24 парақтан, 47 беттен, әр бет 15-16 жолдан тұрады. «Әд-Дурра» ескерткішінде арабша-қыпшақша сөздердің тізімі берілген. Арабша сөздер қара сиямен, ал қыпшақ тіліндегі сөздер қызыл сиямен, анық түсінікті «насх» жазу үлгісімен жазылған. Арабша-қыпшақша сөздікте берілген лексикалық материалдар 24 тарауға бөлініп берілен. Сөздіктің алғашы тарауларында зат есімге жататын түрлі атаулар мен оларға қатысты сипаттар, түркі тіліндегі сандардың тізімі берілсе, соңғы 24-тарауда түркі-қыпшақ тілінде жиі айтылатын, кең қолданыстағы сөз тіркестері мен дайын сөйлемдер берілген. Соңғы тарауды әртүрлі

тақырыптағы 235 тіркес берілген [2, б. 101].

Жоғарыда сипатталған қолжазбалардың сөздік бөлімдеріне салыстырмалы талдау жасау арқылы төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

1. Мәмлүктер билігі кезіндегі жазба ескерткішінде түркі-қыпшақ тілінің грамматикалық көрсеткіштері мен тілдік ерекшеліктері дәстүрлі араб тілі грамматикасы негізінде түсіндірілуі жалпы оқырмандар мен сол кезде үлкен сұранысқа ие болған мәмлүк-қыпшақ тілін үйренушілер үшін қолайлы әрі жеңіл болса керек;

2. Мәмлүктер билігі кезінде жазылған қолжазбаларды зерттеудің нәтижесінде барлық ескерткіштер – қыпшақ тілін үйрету мақсатында қыпшақша-арабша сөздігімен қоса берілген оқулық түрінде жазылған еңбек деген қорытынды жасауға болады;

3. Мәмлүктер билігі кезінде жазылған барлық қолжазбаларда фонетикалық және грамматикалық түсіндірме бөліммен қатар қыпшақша-арабша сөздік қамтылған;

4. Барлық қолжазбалар анық, түсінікті «нах» жазу үлгісімен жазылған (негізгі мәтіннен бөлек жолдар арасы мен жиектерінде шимакталған жазуға байланысты тек «Әл-Идарк» ескерткішінің оқылуы қиын);

5. Қыпшақша-арабша сөздіктердің барлығында араб тіліндегі негізгі мәтін қара сиямен, ал қыпшақ тіліндегі сөздер қызыл сиямен беріліп, араб тіліне тән диакритикалық белгілер, харақаттар қойылған (тек «Әт-Тухфа» ескерткішінде қыпшақ тіліндегі сөздер қызыл сиямен жазылып, ал харақаттар қара сиямен қойылған). Қыпшақ тіліндегі сөздерді қызыл сиямен беру – ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған сөздіктердің барлығына ортақ сипат. Бұл мәмлүктер билігі кезінде дүниеге келген еңбектерді зерттеуде біршама жеңілдік тудырады;

6. «Әл-Идрак» пен «Әт-Тухфадағы» қыпшақша-арабша сөздіктерде сөздер алфавиттік ретпен берілсе, басқа сөздіктерде семантикалық жағынан бірнеше тарауға топтастырылып берілген («Тәржұманда» 26 тарау, «Әд-Дуррада» 24 тарау; «Әл-Қауанинде» 14 тарау);

7. Қыпшақша-арабша сөздіктердің барлығында бірінші араб тіліндегі сөз беріліп, одан кейін оның қыпшақ тіліндегі баламасы жазылса, ал «Әл-Идракта» бірінші қыпшақша сөз беріліп, оның жанына арабша аудармасы берілген;

8. Ескерткіштердің барлығында الواو [al-ūāu], أو [ʾaū]), яғни «және», «немесе» шылаулары арқылы байланысқан бірнеше сөздерді көрсету арқылы синоним немесе диалект сөздер қатар берілген;

9. Ескерткіштердің барлығында араб тіл білімі жүйесі басшылыққа алынғанымен, түркі-қыпшақ тілінің бұл жүйеге бағынбайтын көптеген ерекше тұстары айқындалып, ескерту ретінде беріліп отырған. Қыпшақ тіліндегі кейбір сөздерді түсіндіруде, күмәнді жерлерде «барлық нәрсені Алла біледі», «Алла бәрін білуші» (الله أعلم و [ʿa-l-lāhu ʾaʿlam]), «дұрысын Алла біледі» (والله أعلم بالصواب) [ʿa-l-lāhu ʾaʿlamu bi-ṣ-ṣaḥāb]) деген тіркестер қолданылған;

10. Ескерткіштердің лексикалық қорын төмендегідей көрсетуге болады: «Әт-Тухфада» 3600 сөз; «Әл-Идракта» 3500 сөз; «Тәржұманда» 1800 сөз, «Әд-Дуррада» 1070 сөз; «Әл-Қауанинде» 368 сөз;

11. Мәмлүктер билігі кезінде жазылған ескерткіштердің арасында тек «Тәржұман» ескерткішінде ғана қыпшақша-арабша сөздікпен қатар түрікше-моңғолша сөздік те берілген;

12. Мәмлүктер билігі кезінде жазылған қыпшақша-арабша сөздіктердің ішінде тек «Тәржұман» ескерткішінде ғана «Қазақ» атауы кездеседі. Бұл аталған сөздіктің тарихи-мәдени құндылығын арттыра түседі;

13. «Тәржұман» сөздігінің басқа сөздіктерден ерекшелігі ретінде онда жылқыға қатысты атауларға үлкен мән берілгендігін айтуға болады. Сөздіктің «Жылқы және оның жыныстары мен түстері» (والخيل وأجناسها وألوانها [al-ḥaiḷu ʿa ʾaǧnāsuhā ʿa ʾalūānuhā]) және

«Жылқы, соғыс құралдары мен қару-жарақтар» (عدد الخيل والسلاح والحرب [‘adadu-l-ḥālii ḡa-s-silāhi ḡa-l-ḥarbi]) атты арнайы 2 тарауында жылқыға байланысты сөздер берілген. Ал басқа сөздіктерде жылқыға қатысты атаулар жалпы жануарлар тарауында берілген («Әд-Дуррада» «Мінілетін жануарлар» (الحيوان المربوب [al-ḥāiḡānu-l-markūb], «әл-Қауанинде» «Үй жануарлары» (الحيوانات الأهلية [al-ḥāiḡānātu-l-’ahliiḡa] тарауларында ғана айтылған).

«Тәржұман» қолжазбасын зерттеумен айналысып жүреген шығыстанушы Қ.А. Қыдырбаевтың еңбегінде қыпшақ-араб сөздігінде берілген «қазақ» этнонимінің шығу тарихы мен қазақ жерінен шығып, жат жерде билік тізгінін қолына ұстаған кейбір мәмлүк сұлтандары есімдерінің дұрыс айтылу, жазылу мәселелері қарастырылып, ескерткіштің қазақ халқының тарихын зерттеуде құнды лингвистикалық дереккөз болатыны дәлелденген. Осы қыпшақ-араб сөздігін зерттеген ғалым М. Хоустма мен Ә. Құрышжанов өз зерттеулерінде «қазақ» сөзінің арабша түсіндірмесін المجرد (әл-мужәррад) деп оқып, мағынасын «кезбе», «жалғыз, қарапайым, бірдемеден айырылған» деп берген. Қолжазбаның түпнұсқасын зерттеген Қ.А. Қыдырбаев «Адам сипаттары» атты он тоғызыншы бөлімінде берілген «қазақ» сөзіне жасалған араб тіліндегі түсіндірмесі المجرد (әл-мужәррад) емес المحرد (әл-мухәррад) екенін анықтап, «үйлі болып бөліну, бөлек шығу» деген мағынада екенін нақты дәлелдеп берді [11, б. 80]. Осылайша, қолжазбадағы сөздің астындағы бір ғана дақтан туындаған қателіктен қаншама жыл бойы бір ұлт ағауы, «қазақ» сөзінің мағынасы жағымсыз сипатталып келген. Сондықтан, мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған сөздіктердегі тілдік материалдарды жан-жақты зерттеу арқылы тек Мысыр қоғамы және мәмлүктер билігі кезіндегі қыпшақ тілі мен мәдениетіне байланысты ғана емес, срынымен қатар жалпы түркі халықтарының тарихы, мәдениеті туралы құнды деректерге қол жеткізе аламыз [12, 62].

Зерттеу нысанына алынған қыпшақша-арабша сөздіктерге салыстырмалы талдау жасаудың нәтижесінде мәмлүктер билігі кезіндегі қыпшақ тілінің сол қоғамда үлкен маңызға ие болғанын байқаймыз. Бұл қолжазбалардың барлығы қазақ елінің тікелей тарихи жазба мұрасы болып табылады. Қыпшақша-арабша сөздіктерді зерттеу арқылы ұлтымыздан өткен тарихы, мәдениеті, әдебиеті, тілі, сол дәуірдегі халықтардың тұрмыс-тіршілігі жайлы құнды деректер алуға болады. Сондықтан мәмлүктер билігі кезіндегі жазба ескерткіштерді, қыпшақша-арабша сөздіктерді тілдік дереккөз ретінде қарастыру қажет. Себебі ондағы тілдік бірліктер мен тілдік образдар осы тілде сөйлейтін халықтың, яғни түркі-қыпшақтарының дүниетанымдық ерекшеліктері мен ұлттық сипатын көрсетеді.

**Зерттеу жұмысы ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен №АР09058201 «Иршәдул-мулук уәс-салатин» ескерткішіндегі (XIV ғ.) теолингвистикалық кеңістік» атты ғылыми жоба аясында орындалды.*

Әдебиеттер тізімі

1. Садықбеков Қ.А. «Китаб Муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди» ескерткіші және оның тілі / Қ.А. Садықбеков. – Алматы: Таңбалы, 2016. – 412 б.
2. Жұбатова Б.Н., Аубакирова Қ.Қ. Мысырдағы мәмлүктер билігі тұсындағы түркі-араб мәдени-тілдік байланыстары / Б.Н. Жұбатова, Қ.Қ. Аубакирова. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 235 б.
3. Гаркавец А.Н. Китаб-и Маджмуи Тарджуман-и Турки ва Аджами ва Мутали ва Фарси. «Сводная книга переводчика по-тюркски, и по-персидски, и по-монгольски, и на фарси» Халила бин Мухаммада бин Йусуфа ал-Кунави / А.Н. Гаркавец. - Алматы: Баур, 2019. – 600 с.
4. Курышжанов А. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря» / А. Курышжанов. – Алма-Ата: Наука, 1970. – 234 с.

5. Маженова М.Н. Абу Хайян – исследователь кипчакского языка: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1969. – 53 с.
6. Қонқабаева Н. «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-туркийя» ескерерткішіне тарихи-лингвистикалық интерпретация: филос. докт (PhD) ғыл. дәрежесі. ... дис. – Алматы, 2020. – 181 б.
7. Изысканный дар тюркскому языку (Грамматический трактат XIVв. на арабском языке). - Ташкент: Фан, 1978. - 452 с.
8. Зияева И. Исследование памятника XIV в. Китаб ат-тухфат уз-закийя фил-лугати-ит туркийя (лексика, морфология, словообразование). – Ташкент, 1972. - 23 с.
9. Арынов Т. Лексико-семантические и стилистические особенности языка старокыпчакского памятника «Китаб ат-тухфа аз-закийя фил-луга-ат-туркийя» / Т. Арынов. – Алматы: Наука, 1983. - 152 с.
10. Ermers R. Turkic Forms in Arabic Structures: the description of Turkic by Arabic Grammarians. - Nijmegen, 1995. - 260 p.
11. Қыдырбаев Қ.А. «Қазақ» сөзінің этимологиясы (1245 жылы жарық көрген қыпшақ-араб сөздігінің қолжазбасы негізінде) // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдар» сериясы. - Алматы, 2015. - № 3 (53). - Б. 75-80.
12. Аубакирова Қ.Қ. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-араб мәдени-тілдік байланыстары: филос. докт (Ph.D.) ғыл. дәрежесі. ... дис. - Алматы, 2016. - 181 б.

К.Қ. Аубакирова, А.А. Мустафаева

Кызылординский университет им. Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

Кыпчакско-арабские словари в период правления мамлюков и письменный памятник «Тарджуман»: сравнительный анализ

Аннотация. В XIII-XV веках в Египте и Сирии были изданы грамматические труды, кыпчакско-арабские словари, произведения по верховой езде и боевому искусству, а также религиозные, литературные и культурные памятники, содержащие сведения о мамлюкско-кыпчакском языке. Изучение тех или иных памятников, выполненных на тюркско-кыпчакском языке, позволит получить ценные сведения для изучения литературной, культурной и лингвистической истории современных тюркских народов, в частности народов из кыпчакской группы. Применение кыпчакских слов в качестве иллюстративного материала в лингвистических трудах дает информацию о повседневной жизни, социальной, культурной и языковой ситуациях не только египетского общества того времени, но и народов Золотой Орды, которые были с ним тесно связаны. В данной статье проводится сравнительный анализ средневековых рукописей, среди них кыпчакско-арабских словарей, написанных на классическом арабском языке, о кыпчакском языке во времена правления мамлюков. Приведено также краткое описание разделов кыпчакско-арабского словаря памятников «Тарджуман», «Аль-Идрак», «Ат-Тухфа», «Аль-Каванин» и «Ад-Дурра», где рассматриваются особенности словарей по содержанию и структуре.

Ключевые слова: мамлюки, мамлюкско-кыпчакский язык, арабский язык, средневековая рукопись, кыпчакско-арабский словарь, письменный памятник «Тарджуман».

K.K. Aubakirova, A.A. Mustafaeva

Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

Kypchak-Arabic dictionaries during the reign of the Mamluks and the written monument "Tarjuman": a comparative analysis

Abstract. In the 13th-15th centuries in Egypt and Syria, there were written grammatical works, Kypchak-Arabic dictionaries, works about horse riding and martial arts, as well as religious, literary and cultural monuments containing information about the Mamluk-Kypchak language. The study of certain monuments written in the Turkic-Kypchak language provides valuable information for the study of the literary, cultural and linguistic history of modern Turkic peoples, in particular peoples from the Kypchak group. The use of Kypchak words as illustrative material in linguistic works provides information about everyday life, social, cultural and linguistic situation not only of the Egyptian society of that time, but also of the peoples of the Golden Horde, who were closely related. This article provides a comparative analysis of medieval manuscripts, among them the Kypchak-Arabic dictionaries written in classical Arabic about the Kypchak language during the reign of the Mamluks. There is also a brief description of the sections of the Qypchak-Arabic dictionary of the monuments "Tarjuman", "Al-Idrak", "At-Tuhfa", "Al-Kavanin" and "Ad-Durra", considered features of the dictionaries in terms of content and structure.

Keywords: Mamluks, Mamluk-Kypchak language, Arabic language, medieval manuscript, Kypchak-Arabic dictionary, written monument "Tarjuman".

References

1. Sadyqbekov Q.A. «Kitab Muqaddima Abu Lais As-Samarqandi» eskertkishi zhane onyn tili [The Monument «Kitab Muqaddima Abu Lais As-Samarqandi» and its language] (Tanbaly, Almaty, 2016, 412 p.), [in Kazakh].
2. Zhubatova B.N., Aubakirova Q.Q. Mysyrdagy mamlukter biligi tusyndagy turki-arab madeni-tildik bailanystary [Turkic-Arab cultural and linguistic relations during the Mamluk rule in Egypt], (Qazaq universiteti, Almaty, 2019, 235 p.), [in Kazakh].
3. Garkaves A.N. Kitab-i Majmui Tarjuman-i Turki va Ajami va Mugali va Farsi. «Svodnaya kniga perevodchika po-turkski, i po-persidski, i po-mongolski, i na farsi» Halila bin Muhammada bin Iusufa al-Kunavi [Kitab-i Majmui Tarjuman-i Turki va Ajami va Mugali va Farsi. "Brief book of the translator in Turkish, Persian, Mongolian and Farsi" Khalila bin Muhammad bin Yusuf al-Kunawi]. (Baur, Almaty, 2019, 600 p.), [in Russian].
4. Kuryshzhanov A. Issledovanie po leksike starokypchakskogo pismennogo pamjatnika XIII v. «Tjurksko-arabskogo slovarja» [Research on the lexicon of the Old Kipchak monument in the XIII century "Turkish-Arabic dictionary"]. (Almaty, Nauka, 1970, 234 p.), [in Russian].
5. Mazhenova M.N. Abu Haiian – issledovatel' kipchakskogo jazyka. kand. filol. Nauk [Abu Hayyan is a researcher of the Kipchak language]. Almaty, 1969. P. 53, [in Russian].
6. Qonqabaeva N. «At-Tuhfa az-zakia fi Al-lugat at-turkia» eskerertkishine tarihi-lingvistikalıq interpretasiya. PhD diss [Historical and linguistic interpretation of the monument "At-Tuhfa az-zakia fi al-lugat at-turkiya"]. Almaty, 2020. P. 181, [in Russian].
7. Zijaeva I. Izyskannyj dar tjurkskomu jazyku (Gramaticheski traktat XIV v. na arabskom jazyke) [Sophisticated gift in the Turkic language (Grammatical treatise of the XIV century in the Arabic language)]. (Fan, Tashkent, 1978, 452 p.), [in Russian].
8. Zijaeva I. Issledovanie pamjatnika XIV v. Kitab at-tuhfat uz-zakija fil-lugati-it turkija (leksika, morfologija, slovoobrazovanie) [Research of the monument XIV c. Kitab at-tuhfat uz-zakija fil-lugati-it turkiya (lexicon, morphology, word formation)]. (Tashkent, 1972, 23 p.), [in Russian].

9. Arynov T. Leksiko-semanticheskie i stilisticheskie osobennosti jazyka starokypchakskogo pamjatnika «Kitab at-tuhfa az-zakija fil-luga-at-turkija» [Lexical-semantic and stylistic features of the language of the Old Kipchak monument "Kitab at-tuhfa az-zakiya fil-luga-at-turkiya"]. (Nauka, Almaty, 1983, 152 p.), [in Russian].

10. Ermers R. Turkic Forms in Arabic Structures: the description of Turkic by Arabic Grammarians. (Nijmegen, 1995, 260 p.).

11. Kydyrbaev Қ.А. «Kazak» sozinin jetimologijasy (1245 zhyly zharyk korgen қupshak-arab sozdiginin kolzhazbasy negizinde) [Etymology of the word "Kazakh" (based on the manuscript of the Kipchak-Arabic dictionary, published in 1245)] Abaj atyndagy Kazupu-dyn Habarshysy, «Filologija gylymdar» serijasy [Bulletin of Abai Kaznu, series "Philological Sciences]. Almaty, 2015. No. 3 (53). P. Б. 75-80, [in Kazakh].

12. Aubakirova K. K. Mamlukter biligi kezindegi turki-arab madeni-tildik bajlanystary: filos. dokt (Ph.D.) gyl. darezhesi. ... dis. [Turkic-Arab cultural and linguistic relations during the Mamluk rule: Philos. doct (Ph.D.) science. degree. ... dis.] Almaty, 2016. P. 181., [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Аубакирова Құндызай Қыдырбайқызы – Ph.D., Шет тілдер және аударма кафедрасының аға оқытушысы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

Мустафаева Анар Абдикадиевна – Ph.D., "Қорқыттану және өлке тарихы" ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

Aubakirova Kunduzay Kydyrbayevna – Ph.D., Senior Lecturer of the Department of Foreign Languages and Translation, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.

Mustafaeva Anar Abdikadiyevna – Ph.D., Leading Scientific Researcher of the Research Institute "Korkyt studies and History of the Region", Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.